

Газ ылғалдылығының 2 түрі бар: **абсолютті** және **салыстырмалы**.

Газдың абсолютті ылғалдылығы - бұл көлем ($г/м^3$) немесе масса ($г/кг$) бірлігіндегі су буларының массасы.

Салыстырмалы ылғалдылық – іс жүзінде газдық қоспада болатын су буы массасының сол температура мен қысымда газда болуы мүмкін қаныққан су буы массасына қатынасы. Салыстырмалы тығыздықты пайызбен немесе бірлік үлеспен есептейді.

Егер берілген жағдайдағы су буымен қаныққан газды суытатын немесе изотермиялық сығатын болса, онда одан су бөлінеді. Температура мен қысымның белгілі байланысында бөлінген су газбен әсерлесіп, гидраттар түзе алады. Олар - ақ кристалдық заттар, түзілу шарттарына байланысты мұзға немесе нығыздалған қарға ұқсайды. Олардың тығыздығы $880-900 кг/м^3$ аралығында болады. Гидраттың негізгі қаңқасы су молекуласынан тұрады, ал молекулааралық аралықтарда клеткалар, каналдар, қабаттар түрінде көмірсутек газдары молекулалары орналасқан.